

Туризм объектісін салу және оның жұмыс істеуі үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген жер учаскелерін Алматы қаласының босалқы жерлеріне ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 1267 қаулысы 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 13-бабына және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес «Көкжайлау» тау шаңғысы курортын салу және оның жұмыс істеуі үшін «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жалпы алаңы 1002,0 гектар жері ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері санатынан Алматы қаласы Медеу ауданының босалқы жерлері санатына ауыстырылсын.

2. Алматы қаласының әкімдігі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін босалқы жерлерге ауыстыруға байланысты қолданыстағы заңнамаға сәйкес орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

1 2 6 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесінің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің санатынан босалқы жерлер санатына ауыстырылатын жерлерінің экспликациясы

		оның ішінде:						
--	--	--------------	--	--	--	--	--	--

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы, гектар	орманды жерлер	алаңқайлар	селдір ормандар	жайылым	жолдар	құмдар және өзге алқаптар
1	2	3	4	5	6	7	8
«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі	1002,0	310	-	-	-	1,2	690,8
Жиыны	1002,0	310	-	-	-	1,2	690,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК